

НАУҚАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы «Tulpar-мен жарыс» («Науқан») жарнамалық науқанына қатысу ережелері «PetroRetail» ЖШС («Ұйымдастырушы») мен Науқанға қатысушы арасындағы келісім болып табылады. Науқанға қатысу арқылы қатысушы <https://qazaqoil.kz/> («Ұйымдастырушының сайты») веб-сайтында орналастырылған Науқанға қатысу ережелеріне («Ереже») келіседі.

1. Жалпы ережелер:

1.1. Ұйымдастырушы: «PetroRetail» ЖШС, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы, 1 үй.

1.2. Науқан кезеңі: 01.03.2025 – 30.04.2025

1.3. Науқан өткізілетін қалалар: Қазақстан Республикасы

2. Науқанға қатысушы

2.1. Науқанға қатысу, сондай-ақ тіркеу кезінде кез келген ақпаратты (оның ішінде Vlife мобильдік қосымшасында) және басқаша, оның ішінде дербес деректер болып табылатын ақпаратты ұсыну арқылы Қатысушы Ұйымдастырушының және ол уәкілеттік берген үшінші тұлғалардың Науқанды бақылау, оның шарттарын сақтау, жарнама, маркетинг және ақпараттық бюллетеньдер, сондай-ақ маркетингтік мақсаттар үшін басқа да тікелей байланыстар жасау мақсатында жинауға, сақтауға, беруге және өндеуге келіседі. Келісім осындай деректер Ұйымдастырушыға берілген сәттен бастап және қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен осы келісім кері қайтарылғанға дейін жарамды болады.

3. Науқанның сипаттамасы

Осы Ережелерге сәйкес Қатысушы осы Ережелерде көзделген барлық шарттар орындалған жағдайда ай сайынғы жүлде ұтысына қатыса алады.

4. Науқанға қатысу шарттары:

Науқанға қатысу үшін қатысушы «Qazaq Oil» ЖҚС желісінде мұнай өнімдері («МӨ») немесе халық тұтынатын тауарлар («ХТТ») бойынша Vlife қосымшасындағы QR-кодты пайдаланып транзакция жасау қажет.

4.1. Науқан қатысушыларына мынадай тетік бойынша мақсаттарды орындағаны үшін ұтысқа қатысу билеттері беріледі:

- МӨ сатып алғанда (Tulpar-92, Tulpar-95, Tulpar-98, Tulpar-ДТ): 30 литрден асатын чектен клиент 1 билет алады, жалпы жанармай көлеміне қарамастан;

- ХТТ сатып алғанда: чекте (темекі өнімдерін есептемегенде) 3000 теңгеге әрбір ХТТ үшін клиентке 1 билет беріледі.

4.2. Күн сайын клиентке 2 транзакциядан аспайтын билеттер беріледі. Егер чекте ХТТ мен МӨ науқан шарттарына сәйкес келсе, клиент 2 билет алады (1 – ХТТ үшін, 1 – МӨ үшін).

4.3. Науқанға барлық отын түрлері қатысады: Tulpar-92, Tulpar-95, Tulpar-98, Tulpar-ДТ. Клиенттің ХТТ сатып алу сомасын есептегенде темекі өнімдері есепке алынбайды.

4.4. Қандай да бір жағдайда Ұйымдастырушы сыйлықты, жеңілдіктерді немесе ұпайларды ақша эквивалентіне алмастырмайды.

5. Ұтыс ойынын өткізу кезеңі

5.1. 2025 жылғы 01 наурыздан 30 сәуірге дейінгі аралықта Науқан шарттарын орындаған адамдар сыйлықтар таратуға қатыса алады;

5.2. Бірінші сыйлықтар ұтысы 2025 жылғы 03 сәуірде өткізіледі. Ұтыс ойынын өткізу күні ЖҚС желісінде транзакция жасап, 2025 жылғы 01 наурыздан бастап 31 наурызға дейінгі аралықта Науқанның шарттарын орындаған тұлғалар қатыса алады;

5.3. Екінші сыйлықтар ұтысы 2025 жылғы 05 мамырда өткізіледі. Ұтыс ойынын өткізу күні ЖҚС желісінде транзакция жасап, және 2025 жылғы 01 сәуірден бастап 30 сәуірге дейінгі аралықта Науқанның шарттарын орындаған тұлғалар қатыса алады;

5.4. Науқан кезеңінен тыс жасалған сатып алулар сыйлықтар таратуға қатыспайды.

Ұтыс ойынын өткізу тәртібі	Сатып алу кезіңі	Ұтыс ойынын өткізу күні
----------------------------	------------------	-------------------------

<ol style="list-style-type: none"> 1. iPhone 16, 128 Гб. (2 дана); 2. Дискководы мен джойстигі бар PlayStation 5 Slim, 1 Тб. (2 дана); 3. Dyson Airwrap HS05 Long (2 дана); 4. Apple Watch Series SE 2, 2023, 40 mm (4 дана). 	01.03.2025 – 31.03.2025	2025 жылғы 3 сәуір
<ol style="list-style-type: none"> 1. iPhone 16, 128 Гб. (2 дана); 2. Дискководы мен джойстигі бар PlayStation 5 Slim, 1 Тб. (2 дана); 3. Dyson Airwrap HS05 Long (2 дана); 4. Apple Watch Series SE 2, 2023, 40 mm (4 дана). 	01.04.2025 – 30.04.2025	2025 жылғы 5 мамыр

6. Конкурса қатысу құқығы

6.1. Конкурса жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, Vlife мобильдік қосымшасының тіркелген пайдаланушылары қатыса алады.

6.2. «PetroRetail» ЖШС қызметкерлері мен олардың жақын туыстарына ұтыс ойынына қатысуға рұқсат етілмейді.

6.3. Әрбір қатысушы Vlife қосымшасындағы аккаунттар санына және алынған қатысу кодтарына қарамастан, бүкіл науқанда бір ғана жүлде ұтып ала алады. Осы Науқан шеңберінде өткізілген ұтыс ойындарының бірінде жеңімпаз деп танылған қатысушы келесі ұтыс ойындарына одан әрі қатысу құқығынан айырылады, сондай-ақ қатысу кодтарын алуға мүмкіндігі болмайды.

7. Таңдау өлшемшарттары.

7.1. Ұтыс ойынының жүлделері.

7.1.1. Қатысушы Vlife мобильдік қосымшасының тіркелген пайдаланушысы болып табылады.

7.1.2. Қатысушы ЖҚС желісінде транзакция жасап, Науқанның шарттарын орындаған.

7.1.3. Науқан шарттары аясында транзакция жасаған кезде, қатысушы Vlife QR арқылы Vlife мобильдік қосымшасында балл жинаған.

7.1.4. Науқан шарттарын орындаған кезде, қатысушыға жеке нөмірі бар (мысалы, QO-M1-000001/QO-A1-000001) лотерея билеті беріледі, ол Vlife мобильдік қосымшасының жеке кабинетіне push-хабарлама арқылы жіберіледі.

7.1.5. Қатысушыға транзакция жасалған сәттен бастап 12 сағат ішінде, бірақ лотерея өткізілетін сәттен кешіктірмей, жеке push-хабарлама жіберіледі.

7.1.6. Әрбір пайдаланушыға лотереяға қатысу үшін шексіз билет жіберіледі, бірақ тәулігіне 2 транзакциядан аспайды.

7.1.7. Науқанның бірінші айынан кейін, 2025 жылдың 1 наурызынан 31 наурызына дейінгі кезеңде жиналған қатысушының билеттері келесі Науқан айында жойылады және жарамсыз болады.

7.1.8. Ұйымдастырушы жеңімпаздарды анықтауды Ұйымдастырушының Instagram желісіндегі @azs_qazaq_oil ресми парақшасында тікелей эфирде Науқанға қатысушылар арасында кездейсоқ таңдау әдісін қолдана отырып, ұтыс күндерінде кездейсоқ сандар генераторын пайдалана отырып жүзеге асырады.

7.1.9. Науқанға қатысу үшін негіз болмайтын транзакциялар:

- Науқан өткізу кезеңінен бұрын және кейін жасалған;
- Науқан кезеңінде сатып алынған тауардың қайтарылуына байланысты төлемдер.

7.1.10. Сыйлықтар Qazaq Oil ЖҚС-да беріледі.

7.1.11. Егер ұтыс ойынының жеңімпазы ұтыс ойынын өткізген сәттен бастап үш күн ішінде Ұйымдастырушыға хабарласпаса (телефон қоңырауларына жауап бермесе, Vlife қосымшасында дұрыс емес байланыс деректерін тіркесе, оларды Ұйымдастырушыға хабарламай өзгерткен болса, басқа себептермен қолжетімсіз болса немесе сыйлықты алудан бас тартса), сыйлықты алу құқығы ұтыс ойыны кезінде таңдалған келесі үміткерге өтеді. Егер ол да аталған себептер бойынша сыйлықты ала алмаса, Ұйымдастырушы сыйлықты тізімдегі келесі адамға беру құқығын өзінде қалдырады.

8. Науқан туралы ақпараттандыру тәсілдері мен тәртібі, оның өткізілу мерзімдері мен шарттары.

8.1. Науқанның өткізілу тәртібі мен шарттары туралы ақпарат Ұйымдастырушының Сайтында орналастыру арқылы хабарланады. Ұйымдастырушы осы Ережелерге біржақты өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады.

8.2. Науқанның өткізілу мерзімінің ұзартылуы немесе Ережелердегі басқа өзгерістер болған жағдайда, Ұйымдастырушы уақытында мұндай өзгерістерді Ұйымдастырушының Сайтында жариялайды.

9. Жеке деректер.

9.1. Қатысушы Сыйлықты қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына (бұдан әрі – Заң) көзделген ережелерге сәйкес Ұйымдастырушы ұсынған дербес деректерді өңдеуге, оның ішінде Науқанның барлық ұзақтығына және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Науқанның мақсаттары үшін жинауға, жүйелеуге, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), шығаруға, пайдалануға, таратуға, бұғаттауға, жоюға өзінің келісімін растайды. Қатысушы осы келісімді кез келген уақытта Ұйымдастырушының marketing@petroretail.kz электрондық поштасына жіберілген хабарлама арқылы немесе Ұйымдастырушының мекенжайына жеткізу туралы хабарламамен тиісті тапсырыс хат жолдау арқылы кері қайтарып ала алады: «PetroRetail» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 1, электрондық пошта мекенжайы: marketing@petroretail.kz.

10. Басқа шарттар.

10.1. Жұлделер Науқанның осы Ережелерін орындамаған жағдайда берілмейді.

10.2. Егер қандай да бір себептермен осы Науқанның кез келген аспектісі жоспарланғандай өткізіле алмаса, оның ішінде компьютерлік вирустармен жұқтыру, Интернет желісінің жұмысындағы ақаулар, кемшіліктер, манипуляциялар, рұқсатсыз араласу, жалғандық, техникалық ақаулар және ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер тарапынан бақылауға алынбайтын кез келген басқа себептер Науқанның орындалуына, қауіпсіздігіне, адалдығына, тұтастығына немесе дұрыс өткізілуіне әсер ететін болса, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Науқанды тоқтата, өзгерте немесе уақытша тоқтата алады.

10.3. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Ұйымдастырушы мен Серіктестердің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

10.4. Осы Ережелерде қарастырылмаған жағдайларда түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы мен Серіктестер қабылдайды.

10.5. Науқанға қатысу, ұтыстарды өткізу, жұлделерді беру және т.б. мәселелері бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, Науқан қатысушысы Ұйымдастырушыға marketing@petroretail.kz электрондық поштасына хат жазу арқылы хабарласа алады. Ұйымдастырушы хатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап хат жібереді.

Осы Ережелер Науқанның ресми құжаты болып табылады.